

Педагогикалық кеңес
ХАТТАМА № 3

«04» қараша 2022 жыл

Кеңеске жалпы қатысқандар саны – 25
Кітапханашы-2
Шағын орталық тәрбиешісі-1

Күн тәртібінде:

- 1. Пәндерді тереңдетіп оқыту – оқушы құзырлылығын қалыптастыру кепілі**
- 2. Кәсіптік бағдарлау жұмыстары**
- 3. Қоғамдық – гуманитарлық және жаратылыстану – математикалық бағыт бойынша оқушылардың олимпиада мектебі: құрылымы мен мақсат - міндеті**
- 4. I тоқсанның оқу сапасы**
- 5. Бастауыш буын мен орта буынның сабақтастығы**

Бірінші сұрақ бойынша оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды:
Пәндердің тереңдетіп оқыту-оқушы құзырлылығын қалыптастыру кепілі туралы
Бүгінгі күні көкейтесті болып отырған білімнің құзырлылық ұстанымын жүзеге асыру құралы ретінде педагогикалық технологиялар мен белсенді оқыту әдістерінің алар орны ерекше. Әрекетке негізделген технологиялық оқыту танымдық белсенділігі жоғары, өмірдің әртүрлі мәселелерінен хабардар, кезкелген тапсырманы орындауға қабілетті, қолынан іс келетін (құзырлы) азаматтарды қалыптастырады. Оқушы құзырлылығын қалыптастыруда оқу-танымдық іс-әрекетін белсендіруге тікелей байланысты десек қателеспейміз. Сондықтан, жеке тұлғаға өзіндік құндылық ретінде қарап, оқушылардың түйінді құзырлылықтары мен оқу-танымдық іс-әрекетін белсендіруде проблемалық оқытуды жүзеге асыру қажет. “Құзырлылық” ұғымы соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылықтың (латын тілінде «competens») тікелей аудармасы белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді. Соңғы жылдары ғылыми-педагогикалық еңбектерде кәсіби құзырлылық дайындық сапасына қойылатын талап немесе кәсіби теориялық білімдері мен практикалық біліктілігі, тәжірибеден өткізілген кәсіби маңызды сапа ретінде қарастырылып жүр. Оқушының құзырлылығын қалыптастыру сабақ барысында жүзеге асырылады, сондықтан сабақ кезеңдерінде мақсат, нәтиже мен іс-әрекет түрлері нақты айқындалуы қажет. Қазіргі таңда проблемалық оқыту өзекті болып, лидерлік позицияда тұр. Өйткені, проблемалық оқыту оқушының өз бетінше ізденуіне, мұғалім мен оқушының арасындағы шығармашылық қарым-қатынасты нығайтуға, ортақ мақсатқа жетуге, танымдық белсенділік пен құзырлылықты арттыруға негізделген. Бұл жағдайдағы оқыту субъектілердің бірлесіп ізденудегі әрекеттері деп есептеуге болады. Себебі оқушы проблемаларды шешуші болса, ал мұғалім бағыт-бағдар беруші, ұйымдастырушы және көмекшінің ролін атқарады. Проблемалық оқыту интеграциялық негізде оқытудың жетекші ұстанымдары мен білім беруді дамытудың бағыттарымен ұштасады. Олардың бірігуінен пәннің әдістемелік білімінде жаңа бағыт-проблемалық-интеграциялық оқытудың пайда болғанын төмендегі белгілер бойынша анықтауға болады: физика, биология, география, экологиямен химияның тығыз байланысы; оқушылар қаншалықты «өмірге дайын» екені, яғни олар мектепте аталған пәндер бойынша (пәнаралық байланыс) алған білімдері мен біліктілігін есейген шақта кездесетін проблемаларды шешуде қолдану қабілеттілігі; О проблеманы шешудегі интеграцияны, интеграция негізіндегі проблеманы табудағы оқушының логикасы. Интеграциялық оқытуда оқушының танымдық құзырлылығын проблемалық ситуациялар арқылы арттыруға болады. Проблемалық ситуациялар

оқушылардың білім алуға деген танымдық қажеттіліктерін дамытады, ойларын таным объектісіне бағыттайды. Интеграциялық проблемалық ситуацияны үш негізгі компоненттердің бірігуімен түсіндіруге болады. 1. «Белгісіздік» таным процесінің қозғаушы күші болады, яғни ол қарама-қайшылық тұрғыда құрылуы керек («білемін-білмеймін», «жасай аламын-жасай алмаймын», «иә-жоқ»). 2. Пайда болған қарама-қайшылықты шешуде оқушының саналы түрде қажеттілікті қанағаттандырудағы әрекеті. 3. Оқушының өмірлік тәжірибесі және зияткерлік-танымдық қабілеті. Оқушының жеке басының қабілеті неғұрлым жоғары болса, соғұрлым «белгісіздік» бойынша көп ақпарат беруге болады.

Екінші сұрақ бойынша мектеп психологы А.Шокубасова тыңдалды: Қазіргі әлемде адамның психофизиологиялық жеке ерекшеліктеріне қойылатын талаптар үнемі өсіп келеді, ал еңбек мақсаттары мен сипаты нарықтық қатынастардың арқасында адамдарға таңдаған мамандығында жоғары кәсібиліктің, үнемі біліктілікті арттыруға және жеке дамуға дайын болу қажеттілігін ұсынады. Мұндай жағдайда мектептегі кәсіптік бағдарлау бұрынғыдан да өзекті болады және барлық жастағы мектеп оқушыларына сапалы дайындықты қамтамасыз етуі керек.

Кәсіптік бейімделу оқушылардың бейімділігі мен таланттар белгілі бір кәсіби қызмет түрлеріне, сондай-ақ іс-қимыл жүйесі, бағытталған еңбекке дайындығын қалыптастыру және таңдау мансаптық жолы. Ол тікелей оқу процесі кезінде, олардың ата-аналарымен мектептен тыс және сабақтан тыс жұмыстар кезінде жүзеге асырылады.

Оқушыларды өз бетінше, саналы түрде мамандық таңдауға дайындау әр адамның үйлесімді дамуының міндетті бөлігі болуы керек және оқушының физикалық, эмоционалды, зияткерлік, еңбек, эстетикалық тәрбиесімен тығыз байланысты болуы керек, яғни бүкіл оқу-тәрбие процесіне интеграциялануы керек, сондықтан мектептердегі кәсіптік бағдар беру жұмысы жеке адамның да, жалпы қоғамның да дамуындағы маңызды компоненттердің бірі болып табылады. Мақсаттары мен міндеттері мектептегі кәсіби бағдар беру.

Мектептегі кәсіптік бағдарлау жұмысының мақсаттары

* Балалардың еңбекке дайындығын қалыптастыру.

* Одан әрі кәсіби қызмет үшін қасиеттерді, қабілеттерді, қасиеттерді тәрбиелеу.

* Мамандық таңдау кезінде оқушыларды кәсіби бағдарлау қолдауы.

Мектептегі кәсіптік бағдарлау жұмысының міндеттері

* Оқушылармен ақпараттық жұмыс жүргізу: еңбек нарығындағы ағымдағы және болашақ қажеттіліктер, еңбек жағдайлары мен ықтимал жалақы туралы ақпаратпен, таңдалған мамандық шеңберіндегі одан әрі дамумен танысу

* Оқушылардың өз бетінше мамандық таңдауға көмектесу мақсатында олардың мүмкіндіктері, бейімділігі, мүдделері туралы ақпарат алу, зерттеу және пайдалану.

* Бейіндік оқытудың көптеген нұсқаларын әзірлеу және енгізу: бағдарламалар, сабақтар, формалар, әдістер, экскурсиялар және т. б.

* Жұмысқа орналасу проблемалары туындауы мүмкін тәуекел тобындағы оқушыларды қолдау: оқытудан артта қалған, түзету сыныптарынан.

* Жоғары немесе орта кәсіптік білім беру мекемелерімен бірлесе отырып, оқушылардың келесі оқу деңгейіне бірқалыпты көшуін және дайындығын қамтамасыз ету.

Үшінші сұрақ бойынша оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды: Қоғамдық – гуманитарлық және жаратылыстану – математикалық бағыт бойынша оқушылардың олимпиада мектебі: құрылымы мен мақсат – міндеті. Оқыту мақсаты: жалпыадами және ұлттық негізде тұлғаның жалпы интеллектуалдық қасиеттерін дамытудың қажетті деңгейіне жетуіне, логикалық, абстрактты және ықтималдық ойлауды қалыптастыруға, әрі қарай оқытудың практикалық негізін құруға бағытталған алгебра және анализ бастамаларының базистік негізін сапалы игеруін қамтамасыз ету. Оқытудың міндеттері: қоғамдық өмірде маңызды рөл атқаратын жалпыадамзаттық мәдениеттің бөлігі ретінде математикаға деген қатынасын тәрбиелеу; математиканың қолданылуы бойынша

оқушылардың түсініктерін кеңейту; ақиқат болмысты тану әдісі мен суреттеу формасы, құбылыстар мен процестерді модельдеу құралы ретінде математика туралы, процестерді ғылыми түсіндіруде математикалық модельдің рөлі туралы түсініктерін қалыптастыру; қазіргі қоғамда және математикалық қызметке тән әр адамға қажетті ойлаудың сапасын (нақты және дәл өз ойын айта білу біліктігін, алгоритмдік мәдениетті болуын, сын тұрғыдан және логикалық ойлауын, интуициясын, қиындықтарды жеңе білу қабілетін) қалыптастыру; математикалық білім жүйесін меңгеру; практикалық қызметте, сабақтас пәндерді игеру және білімді әрі қарай жалғастыруда қажетті алгебралық есептеу біліктігін дамыту; математиканың негізгі объектісі болатын функцияны алгебра және математикалық анализ құралдары арқылы жүйелі игеру; функциямен байланысты математиканың жалпы әдістерінің қолданбалы мағынасын ашу; комбинаторлық және ықтималдық ойлауын дамыту; сөздік қорын математикалық терминологиялармен толықтыру арқылы сөйлеу біліктігін жетілдіру.

Төртінші сұрақ бойынша оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды: I тоқсанның оқу сапасы туралы айтып шықты I тоқсанның оқу үлгерімі 100 %, сапасы 52% Оқу үздіктері: 8 оқушы, оқу екпінділері:38 оқушы.(анықтама жазылған)

Бесінші сұрақ бойынша С.Абдрахманова тыңдалды: Бастауыш буын мен орта буынның сабақтастығы. В..А. Сухомлинскийдің «Баланың ақыл-ой дамуын, қызығушылығын, қабілетін, бейімін білмей оны оқытуға, тәрбиелеуге болмайды» деген нақты тұжырымы сабақтастықтың керектігін көздейді. Оқытудағы сабақтастық деген не? Ол алдыңғы сатыдағы оқушылардың білім, білік және дағдыларын оқытудың келесі сатысында кеңінен қолдануды және әрі қарай жетілдіру, дамыта түсуді көздейді дегенге саяды. Оқытудың осындай тірек нәтижесінен келесі сатыдағы қарастырылатын мәселелер өрбиді.Сабақтастық екі буынға ортақ міндеттерінің үйлесімділігін қалыптастырады.Бастауыш сыныпта алған білім көрсеткішінің өзекті мәселелерін іріктеп, орта буынға келген оқушының оқыту талаптарын әрі қарай жетілдіреді. Өз жұмысым нәтижелі болсын деген орта буын мұғалімдері оқушының психологиялық ерекшелігін басшылыққа алу керек. Бастауыш сыныпта бір мұғалімге үйреніп , тәрбиеленіп шыққан бастауыш сынып оқушылары бесінші сыныпқа келгенде жаңа талапқа (әр мұғаліміне) бірден үйренісе алмай , оқу үлгерімі де төмендейтіні белгілі.Осы жағдайдың алдын алу үшін мектеп тәжірибесінде жыл сайын сабақтастықты жүзеге асыру шаралары жүзеге асуда.

Сабақтастық дегеніміз, біріншіден , екі буын арасындағы ортақ мақсат – міндеттер , ортақ мазмұндық жүйе, баланы жүйелі сатылы дамыту, бір буыннан екінші буынға , неғұрлым сәтті өтуге бағыттау екіншіден, білім берудің әдістемелік жүйесінің әрбір компонентінің үйлесімдігі.

Сабақтастық – оқушының ерекше алған білімін , дайындық дәрежесінің сапалық көрсеткіштерін анықтап, кемшіліктердің орын алу себептерін, оның алдын алу жұмыстарының түрлері мен ұйымдастыру формаларының тиімділерін көрсетуге мүмкіндік беретін әдістемелік жұмыстың бір түрі.Үстіміздегі оқу жылы да мектебімізде сабақтастық мәселесі қаралып, төртінші сыныптың оқу – тәрбие жұмысына қатысу , оған басшылық беру жайы жоспарланды.Ондағы мақсат – бастауыш буынның орта буынға даярлығын анықтау.Осыған орай тексерілуге тиісті оқытудың өзекті мәселелері іріктелініп алынды да соның негізінде өзіндік орындайтын тапсырмалар жүйесінің мазмұны қарастырылды, тапсырмалар оқыту мерзімдеріне қарай (оқу жылының басында, ортасында, аяғында) алынып, сараптама жасалуда.

Бастауыш пән негізгі мектеп арасындағы сабақтастық идеясы оқушының жалпы дамуына бағытталады. Бастауыш сатыдағы 4-сынып оқушылары бастауыш мектеп түлектері. Сонымен, 4-сыныптан 5-сыныпқа көшкен оқушылардың басты қиыншылықтарын қарастырайық.

Балалар бастауыштағы бір мұғалімдік сынып жетекші жүйесінен пән мұғалімдері жүйесіне көшеді. Жаңа мұғалімдерге үйрену адаптациясына өтеді.

5-сыныпта пәндер саны 8-12-ге дейін артады. Бастысы, соншама пән мұғалімдері және әрқайсысының соншама қойылатын талаптары бар. Сондай-ақ сабақтар әртүрлі кабинеттерде өтеді. Сондықтан пән мұғалімдеріне бірігіп, 5-сынып оқушысына жыл басында қойылатын ортақ талаптарды ұсынулары қажет. Бағалауға да көңіл бөліп, оқушыларға бағалаудың критерийлерін түсіндірулері керек. Жұмыстарын тексере отырып, оқушыларға өз-өзіне баға беруге мүмкіндік жасап, қажет болса, олқылықтардан арылу жолдарын көрсеткен дұрыс.

Оқушыны зерттеу бағыттары:

I. Оқушыны зерттеу , білу.

- а) оқушының жұмыс қабілеті;
- ә)білім көрсеткіші;
- б) дағдысы;
- в) оқушы ерекшелігі (сабақтағы жұмыс түрлеріне қатысы);
- г) сыныптан тыс шараларға қатысуы
- д)ата – ана мен сынып мұғалімінің бірлескен іс – нәтижесі;
- е) оқушы шығармашылығын дамытуда жүргізілетін жұмыс түрлеріне қатысуы;

II. Әдебиеттік оқу сабағы бойынша:

- а) оқыған әңгіме мазмұнын өз сөзімен қысқаша немесе толық айтып беруі және дайын мәтін , сюжетті суреттер бойынша керекті сөздерді пайдалана отырып өздігінен жазба жұмыстарын орындауы
- б) өзінің ой – пікірін , көргенін , оқығанын мазмұндату арқылы ауызша сөйлеу тілінің дамуы ;
- в) мәнерлепоқуы;
- г) оқу техникасының нормасын орындауы.

III.Қазақ тілі бойынша :

- а) грамматикалық ұғымдар мен орфографиялық ережелерді меңгеруі тілдік фактілерді дұрыс тануы;
- б) өз ойын байланыстыра жазып беруі;
- в) оқушысауаттылығы
- г) каллиграфиясы

IV.Математика бойынша :

- а) есептей білу дағдыларының қалыптасуы ;
- ә)логикалық ойлауы қабілетінің дамуы;
- б)натурал сандарға қолданылатын амалдар тәртібін білуі ;
- в)ауызша есептеу дағдыларын меңгеруі;
- г)көптаңбалы сандарды оқуы , жазуы;
- ғ) көбейту кестесін меңгеруі,
- д)геометриялық материалдарды меңгеру деңгейі
- е)шамалар арасындағы қатынасты білуі

Осылайша сынып мұғалімдері бір – бірімен жүйелі байланыс жасап, оқушы білімінің, шеберлігінің , дағдыларының деңгейлерін нақты анықтап , оқыту талаптарына қаншалықты сәйкестігін біледі .Сонда әр сынып көлемінде қандай кемшілік кетіп отырғаны , қандай мәселелерге көбірек көңіл аудару керектігі белгілі болады.

Сабақтастық жоспарына сай мұғалімдерге тапсырылатын жұмыс түрлері

Бастауыш саты мұғалімдеріне:

Қабілеті төмен және қабілетті оқушылармен жұмысты жүйелі өткізу;

Олқылықтармен жұмыс;

Болашақ 5-сыныптың жетекшісімен бірлескен ата-аналар жиналысын өткізу; (сәуір айында)

5-сыныптың сабақтарына қатысып, қандай пәндік ерекшеліктер барын байқау;

5 сынып мұғалімдерімен бірлескен іс-шара өткізу;

Жылдық қорытынды бойынша оқушылардың білім мониторингісін жасау;

5-сыныпқа кеткен оқушыларының білім, білік, дағдыларын және жалпы қалыптасу бағытын қадағалау;

Болашақ 5-сынып жетекшілеріне:

Қабылдайтын 4-сынып оқушыларына зерттеу жүргізу; (тәртібі, әлеуметтік жанұялық жағдайы т.б.)

4-сынып жетекшісімен байланыс; (сауалнама, сұрақ-жауап т.б.)

Сәуір айынан бастап, қабылдайтын оқушыларымен жете танысу шараларын өткізу;

Бірлескената-аналар жиналысын өткізу;

Оқушыларға сауалнама жүргізу;

Оқушылардың қызығушылықтарын байқау “Сен ұнататын пән?”, ”Сен қызықпайтын сабақ?”

Әр оқушының бос уақытына зерттеу жүргізу;

5-сыныпқа келгенде барлық жағынан қолдау көрсету, жетелеу, бағыттап-тәрбиелеу;

5-сынып пән мұғалімдеріне:

Болашақ оқушыларының сапалық деңгейі туралы мәлімет алу;

Міндетті білім, білік, дағдыларының қалыптасуын байқау, зерттеу;

Дәптер арнап ашып таблица жасау, оқушы ынтасы, қабілеті,білімі,т.б.

Өз пәні бойынша тәуелсіз бақылау, тест, диктант жұмыстарын өткізу;

Нәтижесін салыстыру;

Өз пәні бойынша қорытындысы;

Проблемаларды шешу жолдарын бірлесіп іздеу;

«Білмейтін бала болмайды, білдіре алмайтын мұғалім болады», әр сабағымызда межелі мақсатымызға жету бағытында жүйелі бірлесіп жұмыс істеу қажет.

ШЕШІМ:

-Пәндерді тереңдетіп оқыту – оқушы құзырлығын қалыптастыру кепілінің жұмысын қанағаттанарлық деп саналсын

- Кәсіптік бағдарлау жұмыстарын жалғастырылсын

-Қоғамдық – гуманитарлық және жаратылыстану – математикалық бағыт бойынша оқушылардың олимпиада мектебі: құрылымы мен мақсат – міндеті бойынша әр пән мұғалімі жұмысты жандандырсын.

Ұсыныс: Қараша айының 10-25 күндері, 9-11 сынып оқушыларымен пәндік олимпиада өткізсін (Мына пән мұғалімдері: Қазақ тілі мен әдебиет, орыс тілі мен әдебиет,алгебра (геометрия),биология,химия,ағылшын тілі,тарих,физика)

-I тоқсанның оқу сапасы қанағаттанарлық деп саналсын.

Ұсыныс: бір үші,төрті бар оқушылармен қосымша сабақтар жүргізсін.

Білім сапасын жоғарлату бойынша жүйелі жұмыстарды қарастырып,жоспарлы жұмыс істеуге бағындыру

Олқылықтармен жүйелі түрде жұмыс жүргізу.

-Бастауыш буын мен орта буынның сабақтастығын қанағаттанарлық деп саналсын.

Ұсыныс: Сынып жетекшілер осы жұмысты назарда ұстау.

Педкеңестің төрайымы
Хатшы



А.Аксеитова

Н.Молдагайсина

2022-2023 оқу жылындағы «Колутон ауылының жалпы орта
білім беретін мектебі» КММ

I тоқсан бойынша үздік оқушылар тізімі.

№р/с	Оқушының аты-жөні	Сынып
1	Жумабаева Айзере	2 «б» сынып
2	Жуманова Дарина	2 «б» сынып
3	Әубакір Әділхан	3 «а» сынып
4	Серікбай Алихан	3 «а» сынып
5	Құдайберген Әдия	7 «а» сынып
6	Шокыбаев Ерасыл	7 «а» сынып
7	Абденова Амила	8 «а» сынып
8	Бақболат Гауһар	9 «а» сынып

Мектеп директоры  А. Сейітова

2022-2023 оқу жылындағы «Колутон ауылының жалпы орта

білім беретін мектебі» КММ

I тоқсан бойынша екпінді оқушылар тізімі.

№р/с	Оқушының аты-жөні	Сынып
1	Айтбай Нұрбол	2 «а» сынып
2	Әубәкір Әмина	2 «а» сынып
3	Сайлауұлы Анвар	2 «а» сынып
4	Тлейхан Кәусәр	2 «а» сынып
5	Арлан Гүльшашар	2 «б» сынып
6	Елюбаева Айлин	2 «б» сынып
7	Жанкабаева Инжу	2 «б» сынып
8	Туребаева Гүльназ	3 «а» сынып
9	Асанов Искандер	3 «б» сынып
10	Балгабаев Ильяс	3 «б» сынып
11	Дьяченко Ульяна	3 «б» сынып
12	Куницкий Антон	3 «б» сынып
13	Бейсекеев Ерасыл	4«а» сынып
14	Бибихан Нұрәлі	4«а» сынып
15	Серікпай Қарақат	4«а» сынып
16	Асанов Камиль	4«б» сынып
17	Пугалов Кирилл	4«б» сынып
18	Мәжит Ерхан	6«а» сынып
19	Мусулканова Даяна	6«а» сынып
20	Набиев Дидар	6«а» сынып
21	Байсеитов Арнат	6«б» сынып
22	Набиев Серикболат	6«б» сынып
23	Сахапов Алмаз	6«б» сынып
24	Бейсекеева Алия	7«а» сынып
25	Сагимбаева Фатима	7«а» сынып
26	Адай Азамат	8«а» сынып
27	Ахболатқызы Қарақат	8«а» сынып
28	Досмагамбетова Жансая	8«а» сынып
29	Тасбулатова Аружан	8«а» сынып
30	Асанов Асан	8«б» сынып
31	Аугалиева Асем	9«а» сынып
32	Бахатбек Жанерке	9«а» сынып
33	Қуанышбеков Дамир	9«а» сынып
34	Молдагайсін Альмансур	9«а» сынып
35	Балгабаева Сабина	10«б» сынып
36	Мәжит Гүлназ	10«б» сынып
37	Сахапов Рустем	10«б» сынып
38	Рыспек Сағынш	11«а» сынып

Мектеп директоры А. Байсеитова

